



Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 25 қарашада № 7306 тіркелді

Қолданушылардың назарына!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 10.08.2016 № 711 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 88-бабына сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 10.08.2016 № 711 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (А.Ғ. Төлеғалиева) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі және мемлекеттік сатып алу департаменті осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін оның заңнамада белгілеген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтағы 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә.Байжүнісовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жариялануы тиіс және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы	
Денсаулық сақтау министрінің	
міндетін атқарушы	С. Мусинов

	Қазақстан Республикасы
--	------------------------

Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2011 жылғы 4 қарашадағы
N 786 бұйрығына 1 қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және бейімделген емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы

РҚАО-ның ескертпесі!

Тізбеге өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 30.12.2015 № 1078 (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 10.08.2016 № 711 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.02.2013 № 76 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2013 № 726 (01.01.2014 бастап күшіне енеді); 28.05.2015 № 403 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.08.2016 № 711 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№	Аурулар	Халық санаты	Дәрілік заттарды тағайындау үшін айғақтар (дәрежесі, сатысы, ауыр ағым)	Дәрілік заттардың атауы (шығару нысаны)
1. Жергілікті бюджеттің есебінен диагностика және емдеу				
1	Жаңа туған нәрестелер кезеңіндегі аурулар	2 айға дейінгі жаңа туған нәрестелер	Профилактика және емдеу*	Ана мен бала дәрі қобдишасы
2	Медициналық айғақтары бойынша ерте жасанды немесе аралас қоректендіру	1 жасқа дейінгі балалар	** , ***	Емшек сүтін бейімделген ауысты
3	Жіті фарингит/ тонзиллит/ бронхит	0-5 жасқа дейінгі балалар	орта ауырлық дәрежесі кезінде	Амоксициллин, капсула, таблетка, оның ішінде диспергирленген суспензия дайындау үшін ұнтақ, ішуге арналған; Парацетамол, суппозиторилер; Ибупрофен, суспензия; Амоксициллин +

				клавуландық қышқыл, таблетка, ауызға қолданылатын суспензия дайындауға арналған ұнтақ;
4	Мешел	1 жасқа дейінгі балалар	Күзгі-қысқы кезеңдегі профилактика, емдеу	Эргокальциферол, ауыз арқылы қолданылатын ерітінді, ішуге арналған майлы ерітінді; Колекальциферол, сулы ерітінді;
5	Темір тапшылығы анемиясы	0-18 жастағы балалар, диспансерлік есепте тұрған ұрпақты болу жасындағы әйелдер	II, III сатыдағы темір тапшылығы анемиясының верификацияланған диагнозы (сарысу темірі 10мкмоль/л-ден төмен)	Темір сульфаты, аскорбин қышқылымен бір компонентті немесе аралас, таблетка, капсула, драже; Фоли қышқылы, таблетка;
				Темір сульфаты препараттары, сироптар, ерітінділер, ішуге арналған тамшылар (тек 12 жасқа дейінгі балаларға);
6	Аорто-коронарлық шунттау және стенттеуден кейінгі, жүректің жармақшаларын протезделген науқастар	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Варфарин, таблетка; Ацетилсалицил қышқыл, таблетка; Клопидогрель, таблетка; Ацетилсалицил қышқылы +Клопидогрель, таблетка;
			Клопидогрельді қолдану тиімсіз болған кезде	Тикагрелор, таблетка;
7	Жүректің ишемиялық аурулары (ЖИА)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар – базалық терапия;	Стенокардия ауыр, варианттық стенокардия, инфаркттан кейінгі кардиосклероз	Базалық терапия: Метопролол, таблетка, соның ішінде баяу бөлінетін, созылмалы әсердегі, ретард; Бисопролол, таблетка; Изосорбид динитраты, қысқа және ұзақ әсерлі

		қосымша терапия – әлеуметтік қорғалмаған топтарға. *****		таблетка, спрей, ұнтақ; Ацетилсалицил қышқылы, таблетка; Қосымша терапия: Амлодипин, таблетка; Клопидогрель, таблетка; Изосорбида монокитрат, таблетка, ретард капсулалары, ұзақ әсерлі капсула; Ацетилсалицил қышқылы +Клопидогрель, таблетка;
8	Артериялық гипертензия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар – базалық терапия; қосымша терапия – әлеуметтік қорғалмаған топтарға. *****	II-III-IV дәреже; созылмалы бүйрек аурулары кезіндегі симптоматикалық артериялық гипертензия (аралас препараттарды тағайындау кезінде монопрепараттарды тағайындауға рұқсат етілмейді)	Базалық терапия: Эналаприл, таблетка Амлодипин, таблетка; Индапамид, таблетка, капсула; Кандесартан, таблетка; Қосымша терапия: Бисопролол, таблетка; Моксонидин, таблетка; Валсартан + Амлодипин, таблетка; Телмисартан + Гидрохлортиазид, таблетка; Эналаприл + Нитрендипин, таблетка; Лизиноприл + Амлодипин, таблетка; Фозиноприл, таблетка (қосалқы жүрек және бүйрек функцияларының жетіспеушілігі ар пациенттер үшін); Периндоприл, таблетка; Нифедипин, таблетка, оның ішінде баяу және бақыланатын босатумен; Периндоприл + Индапамид, таблетка, оның ішінде пленкалық қабықпен қапталған;
9	Созылмалы жүрек жетіспеушілігі (СЖЖ), оның ішінде	Диспансерлік есептегі барлық	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Базалық терапия: Небиволол, таблетка; Бисопролол, таблетка

	дилатациялық кардиомиопатия	санаттар – базалық терапия; әлеуметтік қорғалмаған топтарға қосымша терапия. – *****; дилатациялық кардиомиопатия диагнозы бар науқастар		Фозиноприл, таблетка; Спиронолактон, таблетка, капсула; Торасемид, таблетка, оның ішінде ұзақ әсерлі; қосымша терапия: Кандесартан, таблетка; Рамиприл, таблетка, капсула; Дигоксин, таблетка; Фуросемид, таблетка; Гидрохлортиазид, таблетка; Эналаприл, таблетка;
10	Аритмия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Пароксизмалдық қарыншаустілік тахикардия, суправентрикулярлық және қарыншалық экстрасистолия, фибрилляция мен жүрекалды трепетанияның пароксизмалдық және созылмалы нысандары, ырғақтың қарыншалық бұзылуы	Амиодарон, таблетка; Пропафенон, таблетка; Варфарин, таблетка; Бисопролол, таблетка; Метопролол, таблетка, оның ішінде ақырын босатылу ұзартылған, ретард; Верапамила таблетка, капсула ұзартылған іс-әрекет; Дигоксин, таблетка;
11	Пневмония	18 жасқа дейінгі балалар	Ауырлықтың жеңіл және орташа дәрежесі	Амоксициллин, таблетка, капсула, дисперсияланған таблетка; ауызға қолданылатын ерітінді дайындауға арналған ұнтақ пен түйіршіктер; Азитромицин, таблетка, капсула, ішуге арналған суспензия дайындау үшін ұнтақ; Амоксициллин + Сульбактам, таблетка, ішуге арналған суспензия дайындауға арналған ұнтақ; Амоксициллин + Клавулан қышқылы, таблетка, ауыз арқылы қолданылатын суспензия дайындауға арналған ұнтақ;

12	Бронхдемiкпесi	Диспансерлiк есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесi	Сальбутамол, аэрозоль, небулайзерге арналған ерiтiндi; Фенотерол, аэрозоль; Флутиказон, аэрозоль, назалдық спрей; Беклометазон, дозаланған белсендi демалумен ингаляциялауға арналған аэрозоль, интраназальды қолдануға арналған мөлшерленген спрей; Будесонид, ұнтақ, ингаляцияға арналған суспензия; Будесонид+Формотерол фумарат дигидрат, ингалятордағы ингаляцияға арналған ұнтақ; Сальметерол+Флутиказон пропионат, аэрозоль, ингалятордағы ингаляцияға арналған ұнтақ; Циклезонид, ингаляцияға арналған мөлшерленген аэрозоль Преднизолон, таблетка; Фенотерола гидробромид + Ипратропия бромид, ингаляцияға арналған ерiтiндi, аэрозоль;
			Ингаляциялық глюкокортикостероидтердi қолдану мүмкiн болмағанда және тиiмсiз болғанда ауыр нысандарымен 3-18 жас аралығындағы балалар	Монтелукаст натрия, таблетка, соның iшiнде шайнауға арналған, түйiршiктер;
13	Созылмалы обструктивтi өкпе ауруы	Диспансерлiк есепте тұрған барлық санаттар	Асқину мен күшею сатысында	Фенотерол гидробромид + Ипратропия гидробромид, ингаляцияға арналған ерiтiндi, аэрозоль; Тиотропия бромид, ингаляцияға арналған

				ұнтағы бар капсула; Рофлумиласт, таблетка; Индакатерол, ингаляцияға арналған ұнтақ; Будесонид + Формотерола фумарата дигидрат, ингаляцияға арналған ұнтақ; Сальметерол+Флутиказон а пропионат, ингалятор-дискідегі ингаляцияға арналған ұнтақ;
14	Асқазанның және ұлтабардың ойық жарасы	әлеуметтік қорғалмаған топтарға *****	Асқыну кезеңінде	Омепразол, капсула; Висмута трикалия дицитрат, таблетка; Амоксициллин, таблетка, капсула, ауызға арналған суспензия; Фуразолидон, таблетка; Кларитромицин, таблетка;
15	Крон ауруы және бейспецификалы ойықжаралыколит	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Месалазин, таблетка, суппозиторийлер; ұзақ әсерлі түйіршектер; Преднизолон, таблетка; Метотрексат таблетка;
16	Миастения	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі кезінде	Пиридостигмин бромиді, таблетка; инъекция үшін ерітінді; Неостигмин, инъекция үшін ерітінді, таблетка;
17	Эпилепсия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Вальпроев қышқылы, таблетка, соның ішінде пұзақ әсерлі, капсула, түйір, сироп, ішуге арналған тамышалар; Карбамазепин, соның ішінде таблетка, ұзақ әсерлі; Бензобарбитал, таблетка; Ламотриджин, таблетка, оның ішінде

				<p>ауыз қуысында еритін және шайналатын таблетка; Топирамат, капсула, таблетка; Леветирацетам, таблетка, ерітінді;</p>
18	Психикалық аурулар	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	<p>Диазепам, инъекция үшін ерітінді, таблетка; Оланзапин таблетка; Рисперидон, бұлшық етке енгізу үшін ерітінді суспензиялар дайындауға арналған ұнтақ, таблетка, ішуге арналған ерітінді; Галоперидол, таблетка; инъекцияларға арналған ерітінді; Хлорпромазин, инъекцияларға ерітінді, драже, таблетка; Левомепромазин, таблетка; Амитриптилин, таблетка, драже, инъекция үшін ерітінді; Трифлуоперазин, таблетка; Клозапин, таблетка; Тригексифенидил, таблетка; Флуфеназин, инъекцияларға арналған ерітінді; Венлафаксин, капсула, таблетка, оның ішінде ұзақ әсерлі; Палиперидон, таблетка, оның ішінде ұзақ әсерлі; бұлшық ет ішіне енгізу үшін инъекцияларға арналған суспензия, ұзақ әсерлі; Дулоксетин, капсула; Амисульприд, таблетка, оның ішінде қабықшамен қапталған; ішуге арналған ерітінді;</p>

19	Балалар церебралды сал ауруы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Спастикалық нысан кезінде	Баклофен, таблетка; Тольперизон, таблетка;
			Гиперкинетикалық нысандар	Тригексифенидил, таблетка;
			Эпилептинысандық естен танулар мен сәйкес "Эпилепсия" диагнозы болған жағдайда	Топирамат, капсула, таблетка; Вальпроев қышқылы, ұзақ әсерлі таблетка, капсула, түйірдер, сироп, ішуге арналған тамшылар.
20	Паркинсон ауруы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Тригексифенидил, таблетка; Леводопа + Карбидопа, таблетка;
21	Қант диабеті	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Инсулинге тәуелсіз қант диабеті ауырлығының барлық сатысы мен дәрежесі	Глибенкламид, таблетка, оның ішінде микронизирленген; Гликлазид, таблетка, оның ішінде модификацияланған босатумен; Глимепирид, таблетка; Метформин, таблетка, оның ішінде ұзақ әсерлі; Репаглинид, таблетка; Пиоглитазон, таблетка; Акарбоза, таблетка; Метформин/Глибенкламид таблетка; Глюкагон, инъекция үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат; Метформин/Глимепирид таблетка; Лираглутид, тері астына енгізуге арналған ертінді;
			Инсулинге тәуелді қант диабеті ауырлығының барлық сатысы мен дәрежесі	Таңбаларымен бір реттік инсулиндік шприцтер

22	Қантсыз диабет	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Десмопрессин, ауыз арқылы қабылданатын лиофилизат;
23	Онкология	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Қатерлі ісіктердің барлық сатысы	Капецитабин, таблетка; Темозоломид, капсула; Эпозтин альфа, шприц-сықпадағы инъекцияға арналған ерітінді; Тамоксифен, таблетка; Фулвестрант, бұлшық ет ішіне енгізуге арналған шприц-сықпадағы ерітінді; Трипторелин, инъекциялық ерітінді дайындауға арналған лиофилизат; Гозерелин, шприц-аппликатордағы тері астына енгізуге арналған ұзақ әсерлі депо-капсула (имплантат); Ципротерон, таблетка, инъекцияға арналған ерітінді; Летрозол, таблетка; Анастрозол, таблетка; Бикалутамид, таблетка; Торимефен, таблетка; Золедрон қышқылы, инфузия дайындауға арналған концентрат/лиофилизат; Клодрон қышқылы, капсула, таблетка; Интерферон альфа 2a, 2 b, шприц-сықпада; Тегафур, капсула; Филграстим, шприц-сықпа; БЦЖ вакцинасы, жиынтығында ерітіндісі бар интравизикалды енгізуге арналған суспензия дайындау үшін ұнтақ; Тиогуанин****, таблетка; Меркаптопурин, таблетка; Лейпрорелин,

				<p>суспензия/ инъекцияға арналған ерітінді дайындау үшін лиофилизирленген ұнтақ/ лиофилизат;</p>
			<p>Қатерлі ісіктер кезіндегі паллиативтік терапия</p>	<p>Морфин, инъекцияға арналған ерітінді; Тримепиридина гидрохлорид, инъекцияға арналған ерітінді; Трамадол, ұзақ әсерлі таблетка, капсула, суппозиторийлер, инъекцияға арналған ерітінді; Фентанил, терапиялық трансдермалдық жүйе; Кетопрофен, капсула, таблетка, суппозиторийлер, инъекцияға арналған ерітінді; Диазепам, таблетка, инъекцияға арналған ерітінді; қорғаныш пастасы бар жиынтықта бір компонентті құрғатылатын илео/колостомдық нәжіс қабылдағыш;</p>
24	<p>Ағзалармен тіндерді ауыстырып қондырғаннан кейінгі жағдай</p>	<p>Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар</p>	<p>Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі*****;</p>	<p>Циклоспорин, капсула; ерітінді****; Микофенол қышқылы/Микофенолат мофетил капсула, таблетка; Преднизолон, таблетка; Метилпреднизолон, таблетка, инъекция үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ; Такролимус, капсула, оның ішінде ұзақ әсерлі; Валганцикловир, таблетка;</p>

25	Күшейген гломерулярлық аурулар	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Гломерулонефриттің морфологиялық верификацияланған нұсқасы	Циклоспорин, капсула; Преднизолон, таблетка; Микофенол қышқылы/ Микофенолат мофетил, капсула, таблетка; Циклофосфамид, драже, сауыттағы инъекциялық ерітінді дайындау үшін ұнтақ;
26	Ревматоидтық артрит	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Метотрексат, инъекция үшін ерітінді; Метилпреднизолон, таблетка; Голимумаб, инъекцияға арналған ертінді
27	Ювенильдық артрит	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Метотрексат, таблетка; инъекция үшін ерітінді; Метилпреднизолон, таблетка;
28	Жүйелі қызыл жегі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Метилпреднизолон, таблетка; Микофенол қышқылы/ Микофенолат мофетил капсула, таблетка;
29	Остеоартроз	әлеуметтік қорғалмаған топтарға. *****	Гонартроз, коксартроз, 2-3-сатысы	Құрамында натрий гиалуронаты бар буын ішіне енгізуге арналған эндопротез (имплантант), стерильденген, бір рет пайдаланатын, шприцте (қатаң түрде емшара кабинетінде);
30	Гипофизарлық нанизм, Шерешевский-Тернер синдромы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Осы тексеріп-қараулармен верификацияланған диагноз	Соматропин, инъекциялық ерітінді дайындауға арналған лиофнемесезирленген ұнтақ, инъекция үшін ерітінді;
31	Орталық генездің ерте жыныстық дамуы (мерзімінен бұрын,	Диспансерлік есепте тұрған барлық	Осы тексеріп-қараулармен верификацияланған	Трипторелин, инъекциялық ерітінді дайындауға арналған

	жылдамдатылған)	санаттар	диагноз	суспензия үшін лиофилизат;
32	Гипотиреоз, гипопаратиреоз, тиреотоксикоз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Осы тексеріп-қараулармен верификацияланған диагноз	Левотироксин, таблетка; Дигидротахистерол, қабылдауға арналған ерітінді; Тиамазол, таблетка;
33	Гормондық белсенді гипопиз ісіктері	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Осы тексеріп-қараулармен верификацияланған диагноз	Бромокриптин, таблетка; Каберголин, таблетка;
34	Акромегалия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	ядролық магниттік резонанстық томографияда расталған, жоғары өсу гормонымен, верификацияланған диагноз	Бромокриптин, таблетка; Каберголин таблетка; Октреотид, инъекция үшін ерітінді, инъекция үшін суспензиялар дайындауға арналған микросфералар; Ланреотид, дайындау үшін лиофилизат, ұзақ босатылатын инъекция үшін ерітінді;
35	Гепато-церебралдық дистрофия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауыр ағымы	Пеницилламин****, таблетка;
36	Фенилкетонурия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Барлық нысандары, өмірлік терапия	Комида мед ФКУ – А формула+LCP (11,8 гр. ақуыз 100 гр-да); Комида мед ФКУ – (31,1 гр. ақуыз 100 гр-да); Комида мед ФКУ С - 45 (45 гр. ақуыз 100 гр-да); ФКУ-3 (69 гр. ақуыз 100 гр-да); Комида мед ФКУ С - 75 (75 гр. ақуыз 100 гр-да); ФКУ-0 (13 г ақуыз 100 гр-да); ФКУ-1 (20 г ақуыз 100

				гр-да); РАМ-1 и РАМ-2 (75 г ақуыз 100 гр-да); Изифен (16,8 гр. ақуыз 1 қаптамада); емдік ақуызы төмен өнімдер және құрамында фенилаланин аз өнімдер;
2. Республикалық бюджет қаражатының есебінен				
1.	Гемофилия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Химиотерапия схемасына сәйкес ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Октоког альфа (рекомбинанттық антигемофилдік фактор), к/і енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофнемесезат, ерітінділерімен жиынтықтағы сауыт; VIII фактор концентрат, к/і енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофнемесезат, ерітінділерімен жиынтықтағы сауыт және құрамында альбумин бар гистидинсіз енгізуге арналған жиынтық; VIII фактор концентрат, к/і енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофнемесезат, ерітінділерімен жиынтықтағы сауыт және альбумин мен полиэтиленгликолсыз енгізуге арналған жиынтық; IX фактор концентрат, инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған лиофнемесезат ұнтақ; Эптаког альфа (активирленген) рекомбинанттық коагуляциялық VII а фактор;

				<p>Көктамыршілік енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофнемесезирленген ұнтақтың антиингибиторлық антикоагулянттық кешені; VIII ұюдың адами факторы / Виллебранд адами факторы;</p>
2.	АИТВ-инфекциясы/ЖИТС	Диспансерлік есепте тұратын барлық санаттар	Антиретровирустық терапияның, оның ішінде жүкті әйелдер мен АИТВ жұқтырған аналардан туған балалардың профилактикасы үшін барлық дәрежелер мен сатылар	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы схемасы бойынша препараттар
3	Қант диабеті	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Инсулинге тәуелді қант диабеті ауырлығының барлық сатысы мен дәрежесі	<p>Инсулин аспарт, картридждердегі, сауыттардағы ерітінді; Екі фазалы инсулин, орташа ұзақтықты инсулинмен комбинацияда (әсері қысқа және орташа ұзақтықты инсулин аналогтарының қоспасы), картридждердегі суспензия; Инсулин гларгин, картридждердегі ерітінді; Инсулин глулизин, картридждердегі, сауыттардағы ерітінді; Гендік-инженерлік адамға арналған екі фазалы инсулин, сауыттардағы суспензия; Гендік-инженерлік адамға арналған екі фазалы инсулин, картридждердегі суспензия; Инсулин детемир,</p>

				<p>картридждердегі ерітінді; Тәуліктік (орташа) әсері бар гендік-инженерлік адам инсулин изофан, сауыттардағы суспензия; Тәуліктік (орташа) әсері бар гендік-инженерлік адамға арналған инсулин изофан, катридждердегі суспензия; Инсулин лизпро, картридждердегі; сауыттардағы ерітінді; сауыттардағы ерітінді; Орташа ұзақтықтағы инсулинімен екі фазалы инсулин лизпро (әсері қысқа және орташа ұзақтықтағы инсулин аналогтарының қоспасы), картридждердегі суспензия; Гендік-инженерлік адамға арналған ерітінді инсулин, сауыттардағы ерітінді; Гендік-инженерлік адамға арналған ерітінді инсулин, картридждердегі ерітінді; Шприц-қаламға инелер; Кетондық денелерге арналған тест-жолақтар; Қандағы глюкозаны анықтау үшін тест жолақтар;</p>
			18 жасқа дейінгі балалар	Шығыс материалдарымен жиынтықта инсулин помпасы;
4	Туберкулез	Диспансерлік есепте тұрған барлық	Емдеудің қолдау сатысы	DOTS-терапия схемасы бойынша препараттар

		санаттар		
5	В және С вирусты гепатиті	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	В созылмалы гепатиті - репликация фазасы, халықаралық хаттамаға сәйкес анықталған вирустық жүктеме С созылмалы гепатиті - халықаралық хаттамаға сәйкес фиброздың анықталған сатысы	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және Бауырды зерттеу жөніндегі еуропалық қоғамдастығы (EASL) схемасы бойынша препараттар
		Диспансерлік есепте тұрған балалар	В созылмалы гепатиті - репликация фазасы, халықаралық хаттамаға сәйкес анықталған вирустық жүктеме С созылмалы гепатиті - халықаралық хаттамаға сәйкес фиброздың анықталған сатысы	
6	Кистозды фиброз (Муковисцидоз)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлық дәрежесіне қарамастан барлық түрі	Дорназа альфа****, ингаляция үшін ерітінді; Панкреатин, шағын микросферадан тұратын ішекте еритін қабықтағы капсула; Тиамфеникола глицинат ацетилцистеинат, инъекция және ингаляция үшін ұнтақ;
7	Мукополисахаридоз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	1-түр (Гурлер синдромы)	Ларонидаза****, концентрат инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған
			Мукополисахаридоз 1-3 типа,	Идурсульфаз****, инъекция үшін ерітінді;
			Мукополисахаридоз 6-түр	Галсульфаза****, инъекция үшін ерітінді;
8	Гоше ауруы	Диспансерлік есепте тұрған барлық	1 және 3-түрі, ауырлық дәрежесінен тыс	Имиглуцераза****, инфузия үшін ерітінді;

		санаттар		
9	Реналдық анемиямен созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	III-IV-V сатысы, күндізгі стационар жағдайында бағдарламалық диализ алатын 18 жастан жоғары пациенттерді қоспағанда	Эпоэтин альфа, шприц-сықпадағы инъекцияға арналған ерітінді; Эпоэтин бета, шприц-сықпадағы инъекцияға арналған ерітінді; Темір сульфаты, капсула, таблетка; Парентералды қолданатын темір препараттары;
10	Ауто-иммундық аурулар, оның ішінде миастения және иммун тапшылығы жағдайы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Жіті кезеңдегі Гийене-Барре синдромы, аурулар дебютіндегі мультифокалдық моторлық полинейропатия, адамның алғашқы туа біткен иммунды жетіспеушілігі, миастенияның генерализацияланған түрі, миастениялық криз, созылмалы қабынулы демиелинизирленген полинейропатия	G иммуноглобулинi (адами қалыпты), инфузия үшін ерітінді;
11	Гемобластоздар мен апластикалық анемияны қамтитын гематологиялық аурулар	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Интерферон альфа 2b, лиофнемесезирленген ұнтақ шприц - сықпа; Флударабин фосфат, таблетка; Клодрон қышқылы, таблетка, капсула; Иматиниб, таблетка, капсула; Нилотиниб, капсула; Гидроксикарбамид, капсула; Метотрексат, таблетка; Циклоспорин, капсула; Имиглюцераза****, инъекция үшін ерітінді;
11-1	Гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Барлық сатысы мен ауырлық дәрежелері	Винбластин, лиофилденген ұнтақ; Метотрексат,

	аурулар			таблеткалар; Филграстим, тері астына енгізуге арналған ерітінді; Цитарабин, лиофилденген ұнтақ; Циклоспорин, капсулалар;
12	Шашыраңқы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ремиссиялы ағын және клиникалық оқшауланған синдром	Интерон бета 1 а, инъекция үшін ерітінді;
			Ремиссиялы және қайталанған прогрессивті ағын	Интерферон бета 1 b, инъекциялық ерітінді дайындау үшін лиофнемесезирленген ұнтақ;
			Ремиссиялы ағын	Ацетат глатирамера, инъекция үшін ерітінді;
13	Онкология	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Таргетті емге сезімтал дәрежесіне байланысты емес қауіпті ісік	Сорафениб, таблетка; Эрлотиниб, таблетка; Гефитиниб, таблетка; Лопатиниб, таблетка; Сунитиниб, капсула; Иматиниб, капсула, таблетка.

* Бағдарламалар әкімшісінің рұқсаты бойынша және жеткізуші мен перзентхананың арасындағы шарт бойынша перзентханадан шығару кезінде жаңа туған нәрестелерге дәрі қобдишаларын беруге рұқсат етіледі.

"Ана мен бала" дәрі қобдишасының құрамына мынадай жадынаманы салу керек:

БЦЖ вакцинациясы туралы;

емшек сүтімен қоректендіру бойынша;

контрацепция бойынша;

жаңа туған нәрестелерге күтім жасау бойынша;

қажет болған жағдайда аз салмақты жаңа туған нәрестелерге күтім жасау бойынша;

алаңдатарлық симптомдар кезінде медициналық көмекке жүгіну қажеттілігі туралы (емшекті әлсіз емеді, аурушаң, дене қызу 38 градустан асады, қиын немесе жиі демалу, тырысу, нәжісіндегі қанның болуы, құсу, кіндігінің қызааруы немесе іріңді бөліну);

** Абсолюттік медициналық және әлеуметтік айғақтар тізбесі үшін 1 жасқа дейінгі баланы ерте жасанды қоректендіруге ауыстыру

№	Факторлар мен аурулар	Жасанды қоректендіру
---	-----------------------	----------------------

Әлеуметтік факторлар		
1	Балаларды асырап алу	+
Емшек сүтімен қоректендіретін аналардың жағдайы		
2	АИТВ-инфекция	+
3	Туберкулездің белсенді нысаны	+ (иммунитетті қалыптастыру кезеңінде анадан баланы оқшаулау)
Бала денсаулығы жағдайы		
4	Расталған туа біткен ақуыз жетіспеушілігінің болуы	+
5	Галактоземия	+
6	Фенилкетонурия	+
7	"үйеңкі шырыны" ауруы	+

*** Салыстырмалы медициналық және әлеуметтік айғақтар тізбесі үшін 1 жасқа дейінгі баланы ерте жасанды/аралас қоректендіруге ауыстыру

№	Факторлар мен аурулар	аралас қоректендіру	жасанды қоректендіру
Әлеуметтік факторлар			
1	Көп ұрықты жүктіліктен туған балалар	+	+
2	Күндізгі оқу бөлімінде оқитын студент болып табылатын аналардың балалары	+	+
3	Аналарды стационарлық емдеу	+	+
Емшек сүтімен қоректендіретін аналардың жағдайы			
4	Қан өндіру аппараты ауруының ауыр нысандары	+	+
5	Қатерлі онкологиялық аурулар ¹	+	+
6	Жіті психикалық аурулар (психоздар немесе ауыр		+

	босанғаннан кейінгі күйзеліс) ¹		
7	Бүйрек функциясы жетіспеушілігі бар бүйрек ауруларының ауыр нысандары ¹	+	+
8	Туа біткен және жүре пайда болған жүрек-қан тамырлық жүйе декомпенсациясымен ілесе жүретін жүрек ақауы ¹		+
9	Ананың іріңді-септикалық аурулары ¹	+	+
10	Эндокриндік ауруларының ауыр нысандары ¹		+
11	Аллергиялық аурулар ауыр нысандары ¹		+
12	Гипогалактиканың бастапқы нысандары ²	+	+

¹ кардиолог, аллерголог, психиатр, онколог, нефролог және т.б. бейінді маманнан қорытынды болған кезде дәрілік препараттарды (цитостатиктерді, радиоактивтік, тиреоидтік немесе есірткілік) қабылдаумен байланысты емшекпен қоректендіретін ананың ауруы немесе жағдайы

² комиссияның бастапқы гипогалактика диагнозын белгілеуі алгоритмнің көмегі анықталады.

**** Орфандық препараттар. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бір реттік әкелумен қамтамасыз етіледі.

***** - ауыстырып салынған ағзалар мен тіндерді қабылдамау қаупін болдырмау үшін науқастар өмір бойы бір өндірушінің дәрілік препараттарын қабылдайды;

*****- әлеуметтік осал топ: 18 жасқа толмаған балалар, жүкті әйелдер, Ұлы Отан соғысына қатысқандар, мүгедектер, көп балалы аналар, "Алтын алқа", "Күміс алқа" иегерлері, атаулы әлеуметтік көмек алатындар, жасы бойынша зейнеткерлер.

	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2011 жылғы 4 қарашадағы N 786 бұйрығына 2 қосымша
--	---

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір күшін жоғалтқан бұйрықтар тізімі

1. "Амбулаториялық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халыққа тегін және жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 446 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5799 тіркелген, "Заң газетінің" 2009 жылғы 16 қазанындағы № 158 (1755) басылымында шыққан).

2. "Амбулаториялық деңгейде тегін Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халыққа тегін және жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар және медициналық

мақсаттағы бұйымдар тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 446 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 112 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6150 тіркелген, Орталық атқару және Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мекемелер жиынтығының 2010 жылғы 07 шілдесіндегі № 1207 басылымында жарық көрген).

3. "Амбулаториялық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халыққа тегін және жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 446 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 361 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6291 тіркелген, "Егеменді Қазақстан" газетінің 2010 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 246-247(26307-26308) басылымында шыққан).

4. "Амбулаториялық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халыққа тегін және жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 446 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 28 қазандағы № 853 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6641 тіркелген, Орталық атқару және Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мекемелер жиынтығының 2011 жылғы 25 наурызындағы № 1 басылымында жарық көрген).

5. "Амбулаториялық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халыққа тегін және жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 446 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 532 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7185 тіркелген).